



Қауіпсіздік рәсімдері

1. «www.kaspi.kz» интернет-ресурсына HTTPS қорғалған хаттамасы бойынша www.kaspi.kz сайтына қосылу арқылы кіруге болады. Клиенттің техникалық құралы мен «www.kaspi.kz» сайтының арасында берілетін деректер DigiCert Inc компаниясының сертификатымен шифрланады. Шифрлау беріктігі 128 битпен айқындалған.
2. Интернет желісіндегі kaspi.kz мекенжайы Банкке тиесілі. Банк «www.kaspi.kz» интернет-ресурсының сервистерін пайдаланушыларға олардың дербес және төлем деректерін қорғауға кепілдік береді.
3. «www.kaspi.kz» интернет-ресурсының бағдарламалық-техникалық кешені, сондай-ақ банктік жүйелермен өзара әрекет ету модульдері Банктің аумағында ғана орналасады. Банк – www.kaspi.kz сайтының бағдарламалық-техникалық кешенінің иесі.
4. «www.kaspi.kz» интернет-ресурсының бағдарламалық-техникалық кешені жеке қорғалған желіге бөлінген. Банктік жүйе мен www.kaspi.kz сайтының тікелей қосылыстары жоқ.
5. «www.kaspi.kz» интернет-ресурсындағы қызметке қолжетімділік, соның ішінде Мобильді қосымшаны пайдалану арқылы (бұдан әрі – «www.kaspi.kz» интернет-ресурсы), пайдаланушы Анықтау және/немесе Тіркеу рәсімдерін өткеннен кейін немесе Клиент өзінің Логині мен Құпиясөзін көрсеткен соң ғана алынады.
6. Ұялы телефон нөмірі «www.kaspi.kz» интернет-ресурсы жүйесіндегі Логин болады, оны Клиент Тіркеу және Анықтау рәсімдерінен өткен кезде көрсетеді.
7. Клиент «www.kaspi.kz» интернет-ресурсында көрсетілген нұсқаулыққа сай Тіркеу және/немесе Анықтау рәсімдерінен өтеді.
8. Клиент Анықтау барысында: а) Логин болып табылатын ұялы телефон нөмірін көрсетеді, б) Банк осы нөмірге жіберген SMS - хабарда жазылған ЖДСК-ні енгізеді.
9. ЖДСК-нің қолданылатын уақыты 15 минутқа тең.
10. Тіркеу барысында Клиент Аты мен Туған күнін көрсетеді, Құпиясөз ойлап табады және оны көрсетеді.
11. Құпиясөз кем дегенде 8 символдан тұруы және Банк белгілеген критерийлерге сәйкес келуі керек. Құпиясөз құруға қойылатын талаптарды Банк айқындайды және www.kaspi.kz интернет-ресурсында ақпаратты жариялау арқылы Клиенттің назарына жеткізеді.
12. Құпиясөзді өзгертуге әрбір жаңа сұрату тек қайтадан түрлендірілген ЖДСК-мен расталады.
13. «www.kaspi.kz» интернет-ресурсына Бірдейлендірген кезде дұрыс Құпиясөзді көрсетуге 3 талпыныс беріледі, әйтпесе Клиенттің «www.kaspi.kz» интернет-ресурсына кіруіне 15 минутқа тосқауыл қойылады.
14. Мобильді қосымшаны пайдаланған кезде www.kaspi.kz» интернет-ресурсындағы қызметтерге қолжетімділік Клиент Мобильді қосымшада «жылдам кіру» функциясы арқылы (егер Клиент мұндай функцияны іске қосса) сәтті Бірдейлендірілгеннен кейін берілуі мүмкін. Клиенттің Бірдейлендірілуі төмендегі тәсілдердің бірімен жүзеге асырылуы мүмкін (ұялы телефонның функционалдылығына және Клиенттің таңдауына байланысты):
 - Клиент белгілеген 4 цифрдан тұратын жылдам кіру кодын енгізу;
 - Клиенттің саусағының ізін сканерлеу;
 - Клиенттің түрін тану арқылы.
- Клиент жылдам кіру параметрлерін Мобильді қосымшада қосады, өшіреді, баптайды.
15. Транзакциялық операциялар Банктің Клиенттің Телефон нөміріне SMS - хабар түрінде жіберген ЖДСК-мен қосымша расталуы мүмкін. Мобильді қосымша пайдаланылған

жағдайда, Банк ЖДСК-ні кез келген Байланыс арнасы арқылы береді, тиісті функция осындай құрылғыда қолжетімді болса және іске қосылған болса, тиісті құрылғыға Мобильді қосымшада белгіленген тәртіппен енгізіледі.

16. Мобильді қосымша арқылы транзакциялық операциялар жасау үшін:

- 1) Android/IOS операциялық жүйесі бар ұялы телефонның (Құрылғының) болуы;
- 2) Орнатылған Мобильді қосымша болу керек.

17. Мобильді қосымшада транзакциялық операцияларды жасаған кезде:

- 1) Анықтау және/немесе Тіркеу рәсімінен өту немесе клиенттің өз Логині мен Құпиясөзін көрсетуі немесе «жылдам кіру» функциясын пайдалану қажет;
- 2) мобильді құрылғы артықшылықты арттыру операцияларына/құрылғының операциялық жүйесін бұзуға (jail break, rooting) ұшырамауы керек.

18. Visa, MasterCard карталарынан транзакциялық операциялар жүргізу үшін «www.kaspi.kz» интернет-ресурсының Клиенті Анықтау және/немесе Тіркеу рәсімінен өтуі немесе Логині мен Құпиясөзін көрсетуі қажет:

а. Бірінші рет ақы төлеген/аударым жасаған кезде:

- а) қызмет жеткізушіні таңдау немесе алушының картасының деректемелерін көрсету;
 - б) төлем сомасы мен параметрлерін көрсету;
 - в) өз картасының нөмірін көрсету;
 - г) картаның қолданылу мерзімінің аяқталатын күнін көрсету;
 - д) CVV кодты көрсету;
 - е) енгізілген деректерді тексеру;
 - ж) экрандық нысанда көрсетілген комиссияның (бар болған кезде) мөлшерімен келіскен кезде төлем/аударым жасау;
- з) қажет болған кезде операцияны ЖДСК-мен растау – ұялы телефонын Анықтау рәсімінен өту қажет.

б. Қайталап ақы төлеген/аударым жасаған кезде:

- а) қызмет жеткізушіні таңдау немесе алушының картасының деректемелерін көрсету;
- б) төлем сомасы мен параметрлерін көрсету;
- в) тізімнен Visa, MasterCard картасын немесе сол арқылы бірінші төлем жасалған, Клиентпен жасалған шартқа сай басқа да халықаралық төлем жүйесінің картасын таңдау;
- г) енгізілген деректерді тексеру;
- д) экрандық нысанда көрсетілген комиссияның (бар болған кезде) мөлшерімен келіскен кезде төлем/аударым жасау;
- е) қажет болған кезде операцияны ЖДСК-мен растау – ұялы телефонын Анықтау рәсімінен өту қажет.

19. Клиентпен жасалған шартқа сай Visa, MasterCard карталарынан немесе басқа да халықаралық төлем жүйелерінің карталарынан транзакциялық операциялар жүргізген кезде «www.kaspi.kz» интернет-ресурсында мынадай шектеулер қолданылады:

1) Қазақстаннан тысқары жерлерде шығарылған, Клиентпен жасалған шартқа сай Visa, MasterCard карталарынан немесе басқа да халықаралық төлем жүйелерінің карталарынан төлем жасауға рұқсат етілмеген.

2) Қажет болған кезде барлық операциялар Клиенттің Телефон нөміріне немесе басқа Байланыс арнасы бойынша жіберілген SMS - хабар түріндегі ЖДСК-мен қосымша расталуы мүмкін.

3) Төлем карталарының саны бойынша лимитті Банк анықтайды және ақпаратты www.kaspi.kz интернет-ресурсында жариялау арқылы Клиенттің назарына жеткізіледі.

4) Операциялар жасауға лимиттерді Банк анықтайды және ақпаратты www.kaspi.kz интернет-ресурсында жариялау арқылы Клиенттің назарына жеткізіледі.

5) Картадан картаға аударым жасау тек теңге валютасында ашылған карталардың арасында ғана жүзеге асырылады.

20. Электрондық ақшамен транзакциялық операциялар жүргізу үшін Анықтау және/немесе Тіркеу рәсімінен өту немесе Логині мен Құпиясөзін көрсету қажет:

- 1) қызмет жеткізушіні таңдау;
- 2) төлем сомасы мен параметрлерін көрсету;
- 3) Әмияннан төлеуді таңдау керек.

Қажет болған кезде операцияны ЖДСК-мен растау – ұялы телефонын Анықтау рәсімінен өту қажет.

21. Банк PCI DSS стандарты бойынша сертифицикатталған.
22. Банк тергеп-тексеру, шаралар қолдану және рұқсат етілмеген төлемдердің алдын алу мәселелерінде ынтымақтастық орнатуға міндеттенеді.
23. Банк қауіпсіздік мақсатында және Клиенттің қаражатының сақталуын қамтамасыз ету мақсатында Клиенттің «www.kaspi.kz» интернет-ресурсына кіруіне тосқауыл қоюға құқылы.
24. Клиенттердің «www.kaspi.kz» интернет-ресурсындағы барлық әрекеттері туралы ақпарат арнайы жүйелерде сақталады (мұндай деректерді сақтау мерзімі 10 жыл).
25. Картаның эмитенті қосымша талаптар мен шектеулер белгілеуі мүмкін. Банк төлем картасының эмитенті болмаған жағдайда, Банк төлем картасының эмитенті белгілеген шектеулерді жоюға немесе өзгертуге немесе белгілеуге ықпал етпейді және ықпал ете алмайды.
26. Банк карталардың CVV кодтары туралы ақпаратты сақтамайды. Карталардың нөмірі туралы деректер бұл карта рұқсат етілмеген шығынға жол бермейтіндей етіп жасырын және шифрланған түрде сақталады.
27. Транзакция 3D Secure технологиясы рәсімдерін айналып өтіп жүргізілген жағдайда, Банк 3D Secure-ге қосылған карта ұстаушылар үшін соманы қайтаруға кепілдік береді.
28. Visa, MasterCard картасын ұстаушы Клиенттің картасының жоғалуына байланысты алаяқтық операцияларды тергеп-тексерген жағдайда, Банк Клиентке көмек көрсетеді және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Клиенттің мүддесін қорғайды.
